

Аграрлық ғылым назарға зәру

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметтің биылғы кеңейтілген отырысында да, оның алдында Жастар жылының ашылу салтанатында да ауыл шаруашылығы саласын дамыту мәселесіне ерекше тоқталды.

Өзім осы салада қызмет атқарып жүрген ғалым ретінде құлақ қойып тыңдадым. Мәселен, Президент «Ауыл шаруашылығы саласы болашақта экономиканы дамытудың негізгі драйвері болатынын үнемі айтып жүрміз.

Барлық елдер өздерінің жерлерін игеріп болды. Дүние жүзінде әлі игеруге болатын жер Қазақстанда, Ресейде және Украинада ғана қалды», деген болатын

Бұл орайда өсімдік шаруашылығымен қатар, мал шаруашылығы отандық аграрлық сектордың ең маңызды тармағы саналатыны белгілі. Төрт түлік малдың санын көбейту үшін мал азығын дайындау ісі өте өзекті.

Малға қажетті азық қоры жасалып, жайылымдық жермен қамтылмайынша, бұл сала алға баспайды. Яғни, жайылымдық жерге бұрынғыдай құла түз деп емес, мал шаруашылығын, сол арқылы халықтың әл-ауқатын өркендететін дүние деп назар аударған жөн. Сол себепті жайылымдық жерлерді кеңейту, тиімді пайдалану, күтіп ұстау сияқты жұмыстарды сауатты жүргізетін уақыт келді. Елбасы айтқандай, игерілмеген жерді игеру, тиімді пайдалану дегеніміз осы деп санаймын.

Өкінішке қарай, соңғы уақытта жайылымдардың өнімділігі төмендеп кетті. Оны біз күнделікті тәжірибе мен зерттеу арқылы анық бақылап отырмыз. Көптеген жердің шөп жамылғысы бұзылған, тапталған. Оны қалпына келтіріп, экологиялық таза мал азығын алу мақсатында жайылымдар құрылымында өсімдіктердің құнды түрлерін сақтап қалу, табиғи өсімдіктермен және дәнді-бұршақ өсімдіктерімен байыту қажеттілігі туындады. Осыған орай С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дің ғалымдары бірнеше ғылыми жобаны жүзеге асырып, өзекті мәселелерді зерттеп, өндірістерге ұсынды.

Елбасы алдағы уақытта жас ғалымдарға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қосымша 3 млрд теңге бөлуді ұсынған болатын. Бұл қаражаттың бір бөлігі ауыл шаруашылығы ғылымын дамытуға жұмсалады деген үміттеміз.